

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Мәтіннің өн бойында





Мақсаты: әдебиеттану мен пәнаралық зерттеулердің дамуы арасындағы жаңа тәсілдерді анықтау.

Тірек сөздер: әдебиет, сын, пәнаралық зерттеулер.

Анталогия авторлары Д. Ривкин мен М. Райан бұл тарауда әдебиеттану ғылымының болашағында аса маңызға ие болатын көркем мәтінді танудың биологиялық категорияларын сөз етеді. Бұл бір жағынан әдебиетті танудағы ғылыми төңкеріс іспетті деп санайды зерттеушілер. Әдеби талдаулар олардың пікірінше, жақын келешекте таным, сезім, неврология сынды ұғымдардың аясында жүзеге асып, дами түспек. Әлбетте, бұл тұрғыда гуманитарлы ғылым саласынның мамандары толықтай мұндай биологиялық категориялардың мәнін толық түсіне қоймас, дей тұрғанмен бұл көркемдік танымды тану контекстінде маңызды біліктілік болып табылады дейді ғалымдар. Адам ақыл-ойының өнімі бұл тұрғыда көркемдік танымның негізгі нысаны болмақ. Осы уақытқа дейін біз ақыл ой өнімдерін идея деп танып тек гуманитарлық ізгілік ғылымдар аясында ғана оны талдап түсіндіріп келдік. Ал Ривкин мен Райан болса адамның ақыл ой өнімін жаратылыстану ғылымдарының жетістіктері тұрғысынан қарастырудың ғылым үшін пайдасы болмаса ешбір зияны болмайтынын алға тартады. Бұл тұрғыдан алған идея жәй иделогиялық категория болып қалмайды, биологиялық идеология деңгейіне өтеді деп санайды ғалымдар. Бір қызығы кітап авторлары бүгінде гуманитарлық ғылымдарда аса өзекті болып табыла бермейтін тәннің эволюциялық түсіндірмелерін жаңаша қырынан қарауға талпынады. Осылайша кітап авторлары осы эсселерінде мәдениет пен биологияны, әдебиет пен нейробиологияның жетістіктерін қатар саралап, оны әдебиеттанулық контексте қарастыруға батыл қадам жасайды.

Тән – Джулия Ривкин мен Майкл Райанның пікірінше, зат ретінде қайталану қасиетіне ие. Онжылдықтар бойы гуманитарлық ғылымдар бұл құбылысты ескермей келіп, бүкіл назарды идеология, мәдениет, тарих, саясат, дискурс және бейне секілді құбылыстарға аударды. Жағдай 1980 жылдары өзгерді. Джудит Батлер осы жылдары гендердің – адамның өзін-өзі сәйкестендіруінің, оның менталдылығының маңызды көрсеткішіне айналғанын жазады. Алайда бұл жылдары «егер барлығы алдын ала құрастырылған болса, құрылым дегеннің өзі не?» деген сұраққа нақты жауап беретін сыни немесе теориялық құралдар (ұғымдық және терминологиялық аппараттар) болмады. «Тән» туралы түсініктер нақты болмады, сондықтан жоғарыдағы сұраққа нақты жауап беру қиынға түсті.

1990 жылдары және қазіргі ғасырдың басында ықпал теориясымен бастап эволюциялық психология мен жүзеге асырылған сана теориясына дейінгі аралықта көптеген құралдар пайда болды. Тән біртіндеп сыни талдау нысанына айнала бастады. Ойлаудың құрылымы тәндік тәжірибелердің көмегімен қалыптаса алатыны, біздің санамыз эволюциялық бейімделу тұрғысынан түсіндірілуге болатыны, біз күні бойы ойлағанымыздан көп нәрсе жасайтынымыз анықталған кезде, теоретиктердің мәдени құрылысқа бейімділігі әлсірей бастады. Адам баласы сезіне алады. Ал әдебиет сезімдерге құрылған.

Таным

Джулия Ривкин мен Майкл Райан өздерінің тұжырымын танымнан бастауды ұсынады. Джордж Лакофф пен Марк Джонсон өздерінің 1980 жылы жариялаған «Біз өмір сүретін метафоралар» атты кітабында адам баласының ойлау қабілеті біздің тәніміздің тәжірибесі арқылы жинақталған бейнелердің сызбасы арқылы қалыптасатыны жазылған. Біздің өмірімізде жоғарыға қарай өрлеулер мен төменге қарай құлдыраулар, мансаптық саты бойынша көтерілу, қиын жағдайларда артқа шегінулер немесе ештеңеге қарамастан, алға қарай жылжулар міндетті түрде болып отырады. Лакофф пен Джонсон адам баласы ақылының іс-әрекеттері біздің тәніміздің жоғары/төмен немесе алға/артқа орналасуына қарай айқындалып отыратынын айтады. Ж. Деррида философияда да осыған ұқсас үрдіс болатынын байқайды – кеңістіктік категориялармен ойлану, мысалы: орталық/периферия. Алайда Лакофф пен Джонсон бұл үрдістің тек ойлауға ғана тән екенін, себебі біздің ақылымыз материалды формада көрініс беретінін айтады. Ой – оның физикалық болмысының тұтқыны, ал ойлау – кеңістік



болып саналады. Біз бейнелеу сызбасын пайдалана отырып, тұжырымдарымызды құра аламыз. Біздің рухани және эстетикалық құндылықтарымыз графикалық түрде бейнеленген. Біз біреулерді «жоғары» тұрған лауазымды адам деп ойлаймыз немесе белгілі бір нәрсені «түкке тұрғысыз» әрекет деп ойлаймыз.

Осы негізгі сызбалардың мысалын әдебиеттер оп-оңай көруге болады. Вриджиния Вульф «Миссис Дэллоуэй» романының сюжетін екі түрлі кейіпкерлердің төңірегінде жазады. Олар – Кларисса Дэллоуэй мен Септимус Смит. Екі кейіпкер де белгілі бір кеңістіктік қозғалыспен байланысты: біріншісі – жоғарыға қарай, екіншісі – төменге қарай. Кларисса – шектен тыс ақылды, дұрыс жолмен жүреді, шарттылықты қатаң ұстанады. Септимус болса, кез келген түсініксіз заттарды көз алдына елестетіп, қиялдап кетеді. Кларисса кез келген кездесуде өзін қалай ұстау керектігін, әңгімені қалай бастау керектігін көп ойланып, өзінің эмоциясына қатаң бақылау жасап отырады. Септимус – кездейсоқ фантазиялардың құрбаны, соның салдарынан ақыры өзіне-өзі қол жұмсайды. Клариссаның әр күні – ұшу секілді («Не деген бозторғай десеңші!») өтсе, Септимус күнін төменге қарай құлдилап құлау секілді сезіммен өткізеді («Не деген төменге қарай құлау!»). Шығарманың соңында ол осы сезімін дәлелдегендей, өз-өзіне қол жұмсайды. Бұл романның аспектілері көп, оның ең негізгісі – жүзеге асырылған когнитивті өлшем бойынша күнделікті тұрмысты – бірнеше кеңістікке бөлінген ұрыс алаңы деп сипаттау.

Когнитивті (танымдық) сын 1990 жылдардың басында Марк Тернердің «Ойды оқу» еңбегімен (1991) басталып, туындады. Мұнда автор когнитивті семантикаға және танымның эволюциялық биологиядағы рөліне ерекше назар аударады. Біз қалай өмір сүру керектігін білеміз. Біздің ақылымыз бен ой-санамыз когнитивті сызбаның, мәселен метафора мен метонимияның көмегімен бір ортадан алғанын екінші ортаға жеткізуге қабілетті. Кейіннен теоретиктер, мәселен Патрик Хоган сыни дәстүрге сүйеніп, сана – әмбебап адами әлеует болып табылады, оның өзіндік формалары болатынын айта отырып, әдебиет универсалиялар деп атауға болатын жалпы белгілердің сырын ашатынын айтады. Оларға «сөз өнерінің» ассонанс, символизм, жанр т.б. формалары жатады. Дэвид Герман оқырмандар әңгімені оқуға ендіретін, оқиғаларды уақыт бойымен ажыратуға және қиялдан туған жағдаятты қабылдауға мүмкіндік беретін когнитивті құралдарды қарастырады. Басқа теоретик-когнитивистер, мәселен Ф. Элизабет Харт когнитивті ғылымды әдебиеттің постструктуралистік талдауының кейбір кемшіліктерінің орнын толтырып, тілдің адамның миындағы және тәннің миындағы орнығуын ерекше ескере отырып, тілді мәтінде және тарих, идеология мәселелерімен байланысты қолдануды ұсынады.

Когнитивті әдеби сын оқырмандарға да бағыттала алады. Эллен Спольскидің зерттеулерінде өнердің білімге тән «аралықты» еңсеруге көмектесетінін айтады. Біздің миымыз модульдерде қызмет етеді. Олар «ерекше салашықтар» (немесе белгілі бір міндетке бейімделген) деп танылады. Мәтіннің когнитивті сыны лингвистикаға сүйеніп отырады, себебі синтаксис ережелері миға мықтап орныққан. Біздің миымыз формалар немесе үлгілерге бағынып отырады.

Ми ақпаратты когнитивті өңдеуге қатысып қоймай, эмоциялардың локусы болып та саналады. Тарихшылар эмоцияның адам өміріндегі маңызы мен күшін жақсы біледі. Радикалды оңшыл саяси қозғалыстар, айталық нацизм, қарсыласқа қарсы бағытталған негативті сезімдерден күш алады. Дін тарихы – діни әулиелілік идеалдарына немесе этикалық тәртіп нормаларына қауіп төндіретін эмоциялармен күрес дегенді білдіреді. Эмоциялардың таптық, гендерлік өлшемдері болады: еркектердің эмоциясы әйелдердің эмоциясына қарағанда байсалдырақ болып келеді. Ал жұмысшы табы стигматикалық эмоцияларды (әлеуметтік жағдайы жоғарыларға деген көреалмаушылық, көңілі толмау) білдіруге қабілетті болып келеді.

Аффект

Аффект теориясы қабылдаудан басталады. Сондықтан аффект – адамның өміріндегі бас-тапқы сезімі. Біз ойлағаннан бұрын сезінеміз. Аффект – 1960 жылдардағы зерттеу нысанына айналған құбылыс болды. Осы кезде Сильван Томкинс алғашқы болып биологиялық негізделген аффекттер болатынын, олар міндетті түрде жұп болып жұмсалатынын айтады: қызығушылық – толқу; рақат – қуаныш; таңғалу – қорқыныш; қиыншылық – азап; ашу – ыза; үрей – қорқыныш;



ұялу – қорлану. Соңғы зерттеулер Томкинстің эмоциялардың физиологиялық негізі мен олардың әлеуметтік өлшемі арасында айырмашылық болатыны туралы теориясын дәлелдеді. Әрбір эмоция адам миының белгілі бір бөлігін белсендендіреді, белсендендіру деңгейі ынтаның өзгермелі сипатына қарай өзгеріп отырады. Соңғы кездегі зерттеулер Томкинстің аффектілері шын мәнінде әмбебап еместігін, мәдениет пен география аффект түрінде өзгертулер мен толықтырулар ендіріп отыратынын көрсетті.

1990 және 2000 жылы аффект теориясы Ив Седжвик, Лорен Берлан және Брайан Масуми секілді ғалымдардың әдеби зерттеулерінен бастау алды. Масума аффект – санадан кейін өрбитінін айтады. Кейінгі зерттеулер тән мен қорқыныш сезімі арасындағы күшті байланыс болатынын дәлелдеді.

Әдебиетшілер мен мәдениеттанушылар аффект пен эмоцияның өзара байланысының жаңа қырларын белсенді түрде қарастырып келеді. Лорен Берлан соңғы елу жылда АҚШ-тың көпшілік дискурсында билік еткен консерватизм (немесе неолиберализм) жұмысшы және орта тап американдықтарының белсенділігін арттырғанын жазады. Алайда экономикалық саясат жағдайында осы дискурсты қолдай отырып, жоғарыда аталған таптардың өкілдері экономикалық өсе қоймайды, себебі неолибералды саясат экономикалық теңсіздікті тереңдетіп, өзінің әлеуметтік топтарының аясынан шығуға мүмкіндік бермейді. Басқа ғалымдар, мәселен Энн Цветкович эмоциялар арасындағы шегараны зерттейді. Нгай Сианна эмоцияның, мәселен «сүйкімсіз сезімдердің» (көреалмаушылық, реніш) қазіргі замандағы рөлін қарастырады. Сара Ахмедтің еңбектерінде расистік және националистік қозғалыстардың жеккөрушілікті басқару механизмі қарастырылған.

Аффектті зерттеу – әлеуметтік және гуманитарлы ғылымдарда өрбитін әдіснамалық жылжу іспеттес болды. Әдіснамалық өлшеудің ерекше белгілерінің бірі – зерттеулерде шындықтың тұрақсыздық, белгісіздік, ықтималдылық, виртуалдылық және күрделілік секілді аспектілерін өлшеу бірліктері қарастырылған.

Аффект пен эмоциялар – маңызды тұрақсыздандырғыш факторлар, олар біздің өміріміздің физиологиялық жағына ерекше назар аударады. Әлем енді объективтіліктен алыстап, біздің ішімізде, жанымызда және біз арқылы қозғалыста екендігі туралы түсінік қалыптасты.

Эволюционистік сын. Эволюционистік әдеби сын – барлық тірі жаратылыстар қоршаған ортаның әсерімен уақыт ішінде өзгеріп отыратыны туралы идеяны қолдайды. Бүкіл ағзалар генетикалық мутация арқылы өзгеріп отыратын ортаға бейімделе алады. Ағзалардың кейбір мутациялары қайта тіріліп, жаңа қасиетке ие болады.

Көптеген уақыт бойы эволюционист-ғалымдар гендегі мутациялар кездейсоқ жүзеге асқан деп есептеген. Алайда қазір генетиктер қоршаған ортаға сай мутациялану бейімделу қабілетіне қарай дамитынын айтады. Кейбір адами сипаттамалар, мәселен Тея-Сакс синдромы (ұрпақтан-ұрпаққа таралған ауру) қолайсыз жағдайларға қарсы бейімделіп, қалыптасқан. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: адамдар күйзелістік жағдайларға жауап ретінде мутациялана бастаған.

Мәселен, біздің өзіндік қорғауымыздың генетикалық жүйеміз гендерді қалпына келтіру үшін альтернативті нұсқаларды қалыптастыра алады. Бұл олардың құрамын өзгертеді. Осылайша кейбір мутациялар «интерпретациялаушы» немесе қоршаған ортаның «сілтеме» беруінің нәтижесі болып табылады. Мутациялар біздің генетикалық құрамымызды өзгертіп, жаңа тұрмыстық жағдайларға бейімделу мүмкіндігін жоғарылатады. Бірқатар генетиктер адамдардың күйзелісі вирустардың күйзелісіне ұқсайтынын айтады. Вирустар жаңаша жағдайларға бейімделу үшін мутацияланып, тірі қалуға талпынады. Вирустар мыңдаған жылдар бұрынғы адамдар секілді мутацияланып, танымның жаңа әрі күшті формасын қалыптастырды. Нәтижесінде олар тіршілікке бейімделіп, өздеріне ұқсас басқа формаларды тудырды. Айталық, хомо сапиенс когнитивті (танымдық) күштің жаңа түрі болып саналады.

Гендер – құрылыс материалдары секілді, оларды қоршаған ортаның сигналдары жартылай басқарып отырады. Сондықтан біз генетикалық құрамымызды өзгерте алатын эволюцияға ықпал ете аламыз. Қолайлы орта гендерді белсендендіріп, азаматтық-құқықтық өзара қарым-қатынас формаларына септігін тигізеді. Қолайсыз орта гендерді белсендендіріп, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ортаның ықпалы зерттеушілер тарапынан тереңірек зерттеле бастады. Біз хомо сапиенстің қай нұсқасы дамитынын таңдай аламыз. Бұл – біздің зерттеулеріміз бен пікірталасымызды маңызды ете түседі.



Эволюциялық теория – интерпретацияның күшті құралы болып саналады, себебі біздің ағзамызда қызмет етеді. Эволюциялық теория біздің өміріміздің кейбір аспектілерін интерпретациялауға мүмкіндік береді. Айталық, нарциссизм – адам баласының әмбебап қасиеті, эволюцияланып, біздің табиғатымыздың ерекшелігіне айналады. Сөйтіп адамның өзінің адами қасиетін сақтауға мүмкіндік береді. Сонда Лаканның нарциссизм – адам психологиясының патологиялық белгісі болып табылатыны туралы тезисті мойындамауға болады. Қарапайым нарциссизм барлық адамдар үшін қажетті қасиет болуы мүмкін. Онсыз әлем алға қарай дамымасы анық. Сол сияқты өзгенің бақытын көре алмау немесе қуану – біздің ата-бабаларымыздың ежелгі сезімдік салдары болуы мүмкін, яғни көне дәуірлердегі адамдар өзгенің қайғысы немесе жеңілісі өзіне де ықпал етеді деп түсінген кезеңінде қалыптасқан болса керек.

Джулия Ривкин мен Майкл Райан күмән тудырмайтын тағы бір аспекті туралы айтады. Еркектердің ми қабаттары – тік сызық бойымен орналасқан, бұл олардың о бастан аңшылықпен айналысқанына байланысты қалыптасқан. Ал әйелдердің ми қабаттары – көлденең сызық бойымен орналасқан, бұл олардың о бастап балаларды тәрбиелеу, қоғамда қарым-қатынас жасауда белсенділік танытуымен байланысты қалыптасқан. Біздің рухани іс-әрекетімізді сәтті эволюциялауға қажетті бейімділік аясында интерпретациялауға мүмкіндік береді. Біреу әлеуметтік нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін жазаланса, адамдар қуанады. Эволюционистік сыншылар адамдар ірі қоғамдарда бейбіт өмір сүруі үшін әлеуметтік ережелер мен нормаларға бағынуы керектігін айтады. Ережелерді бұзу міндетті түрде жазалануы тиіс деген сезім о бастан қалыптасқан. Барлық адами қасиеттер мен мінез-құлықтарды – ұзақ эволюциялық процестің нәтижесі деп білуіміз керек. Соның арқасында адам баласы жер бетінде әрі күрделі табиғи жағдайларда өмір сүріп, бейімделуіне мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықта эволюционистік әдеби теория сыни пікірталасқа айтарлықтай үлес қосқан. Бұл жерде Джозеф Кэрролл, Брайан Бойд, Нэнси Истерлин және Джонатан Готтшалл секілді авторларды атауға болады. «Тарихтың туындауы туралы» атты кітапта Бойд (2010) әңгімелеу – адамның мәдени тәжірибесі болып табылатынын, оның дамуы эмпирикалық емес немесе ойындық сценарийлерді қалай құруға болатынымен байланысты екенін айтады. Кэрролл «Әдеби дарвинизм» (2004) атты еңбегінде дарвинистік эволюциялық теорияны қолдана отырып, әлеуметтік-биологиялық сыни талдау жасау жолдарын ұсынады. «Әдебиет теориясы мен интерпретациясының биомәдени тәсілі» атты еңбегінде Истерлин (2012) Эмили Бронте мен Джин Ристің шығармаларындағы эволюциялық, когнитивті және экологиялық теорияларын біріктіруге талпынады.

Әлеуметтік биологияның кереғар идеяларын («репродуктивті табыс», «инклюзивті жарамдылық») сыни тұрғыдан қолданбаса, эволюциялық әдеби теория бірнеше қателерге жол беруі мүмкін. Ол табиғаттың тарихы не саяси сипатын көре алмай, бірыңғай әмбебап адам табиғаты болады деп қателеседі. Әлеуметтік биологтар «қалыпты табиғат» деп атаған табиғаттың әлеуметтік және тарихи сипатын түсіну үшін тек гендерлік тәндерді қарастырған жөн. Осы ойымызға дәлел ретінде Джулия Ривкин мен Майкл Райан мынадай мысалды келтіреді: егер әйелдердің кішкентай дене мүшелері дамиды болса, еркектерде – ірі дене мүшелері дамиды. Бірақ бұл процесс қалыпты жолмен өрбіп қоймайды. Мүмкін мәселе мынадай болған шығар: бір кездері ірі денелі әйелдерді еркектер құртып жіберген, ал дене мүшелері кішкентай әйелдер олармен салыстырғанда, өмір сүре алған. Евгеника – адам эволюциясының басты ерекшелігі болса керек. Әлеуметтік биологиялық сыншылар мұндай тарихи тұжырымнан бас тартып, табиғаттың қазіргі күйін әмбебап деп қабылдайды. Д. Ривкин мен М. Райан ары қарай дамуы үшін әлеуметтік-биологиялық сыншылар мәртебелі тұлғалардың (мәселен, Дарвин немесе басқа да әлеуметтанушылар) шеңберін тарылту керек, сөйтіп олардың қазіргі кездегі ғылыми зерттеулерге қатыстырмау керек.

Әлеуметтік-биологиялық әдеби сын хомо сапиенс дифференцияланбағанын дәлелдеді. Бірыңғай әмбебап «адам табиғаты» болады. Түр мутация және көбею жолымен дамуын тоқтатты. Алайда күні кеше кейбір ғылыми деректерге сүйенсек, адамдар арасында физикалық айырмашылық болады (Мысал ретінде Д.Ривкин мен М. Райан қате пікірлерді келтіреді: айталық, кертартпа көзқарасты қолдаушылардың қарақұс тұсындағы ми қабығындағы бадамша безі либералдарға қарағанда үлкенірек болады. Ал либералдардың бас миының белдемше қатпарлары жақсырақ дамыған. Мұндай физикалық айырмашылықты адамдардың



осы екі тобының арасындағы идеологиялық айырмамен түсіндіруге болады). Онто-теологиялық тұрғыдан емес, ғылыми тұрғыдан зерттеле отырып, хомо сапиенс ерекше түрлерінің генерациясы арқылы дамиды. Барлық жаратылысқа әмбебап болып табылатын «адами табиғат» болмайды. Эволюциялық теория терминологиясын қолдансақ, біздің айырмашылықтарымыз генотипті емес, фенотипті сипатта болады.

Әлеуметтік-биологиялық әдеби сынға қарағанда, қазіргі заман ғылымы эволюциялық дамуға басқана сипаттама береді. Олар постструктурализм мен постмодернизм теориялары мен тұжырымдарын ескереді. Әлеуметтік-биологиялық сыншылар өздерінің идеалдарына берілгені соншалық, осы эволюцияның белгісіздігі мен алдын ала болжауға болмайтынын түсінбейді.

Эволюциялық әдеби теория әдебиет пен өнердің қызметтерін зерттейді. Өнердің әлеуметтік қызметі жоғары болады. Көркем әдебиетті оқу эмпатияны тудырады деп есептейді. Адамдар дамыған сайын, олар топ болып өмір сүруге бейімделді. Оған өнер көмектесті: басқалардың өмірін өздерінің өміріне ұқсату үшін ақыл-ойын барынша қолданды.

Әдеби зерттеулердегі когнитивті-эволюциялық-эмоционалды төңкеріс, Д. Ривкин мен М. Райанның ойынша, гуманитарлы және жаратылыстану ғылымдарын байланыстыратын жаңа зерттеулерді қалыптастырды. Адамның іс-әрекеті мен мидың кейбір бөліктерінің арасындағы байланыс – біздің биологиялық «меніміз» бен табиғи орта арасындағы байланыс секілді, түсінікті әрі айқын құбылыс. Өзгерістер мен трансформация – тұну мен алдын ала болжауға қарағанда, кең таралған үдерістер. Дәл сол сияқты хомо сапиенстің дамуы туралы айтуға болады. Адамзат тарихындағы биологиялық өзгерістер – ғылыми зерттеулерге жаңа нысан бола алады.

Бүгінгі кезде университеттік кітапханалық порталдардың көмегімен ғылыми журналдарды оқи аламыз. Журналдарды меңгере отырып, әртүрлі пікірталастар бар екеніне көз жеткіздік. Ғылымда нақты ақиқат болмайды. Жаратылыстану ғылымдары немесе гуманитарлы ғылымдар идеялар мен оларды баяндау арасында байланыс болатынын дәлелдеді. Алдағы кезде әдебиет пен өнерді түсіну үшін осы типті зерттеулердің маңызды артатын болатынын Д. Ривкин мен М. Райан бірнеше мәрте қайталайды.

Бізді күтіп тұрған жаңалықтарды Д. Ривкин мен М. Райан әдебиеттану мен мәдениеттанудағы «ғылыми төңкеріс» деп атаған. Бұл төңкерістер таным, эмоция, неврология салаларында байқалады. Әдебиеттанушылар адам миының қызметіндегі эмоциялардың биохимиясын түсіне алмайды. Бірақ оның қорытындысын адамзат мәдениетімен байланысты жеткізе алады.

«Мәдениеттің материямен байланысы – мәдениетті материя арқылы «анықтау» дегенді білдіретіні туралы идеядан бас тарту керекпіз. Ми – мәдениеттің маңызды бөлігі, ол әрі семиотика, әрі мәдениет тұрғысынан әрекет етеді. Біздің эволюциялық нейробиологиямыздың басты ерекшелігі – менталды түсініктерді қалыптастыру. Менталды бейнелер біздің ата-бабаларымызға өздерінің негативті эмоцияларын бақылап, әлеуметтік ортада өмір сүруіне көмектесті. Сонда өздерінің эмоцияларын бақылай отырып, ата-бабаларымыз қауым болып өмір сүруге үйренді.

Біздің мәдени тарихымыз дифференциалды нейробиологиялық қабілеттермен байланысты. Біздің тарихи және мәдени тарихымыз – миымыздың ерекше құрылымын дәлелдейді. Біздер – биологиялық тарихтың мұрасымыз. Сонда әдебиеттің бір ерекшелігі – нейробиология болып саналады. Нейробиологияға әдебиеттілік тән: ол күрделі символдар мен менталды түсініктерді қалыптастыра отырып, белсенді жұмыс жасай алады.

Интерпретациялық тәсілдер ғылыммен қатынасқа түсу нәтижесінде өзгере алады. Ойша бейнелеудің күрделі тәсілдері негативті эмоцияларға қатаң бақылау жасауға болатынын көрсетті. Ал психологтар оны «мен» сезімімен байланыстыра қарайды. Дифференциация мен бейнелеу – психикалық күйге толған кинематография мен әдебиеттің репрезентативті формасын сипаттайды. Жаңа биоэстетикалық осьтің көмегімен біз әдеби формаларды жанрларға және түрлерге жіктеп, менталды бейнелер көпшілік мәдениетте қалай көрініс беретінін түсінуге түрткі болады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Джулия Ривкин мен Майкл Райанның қазіргі заманғы әдебиеттанушылық зерттеулердің белсенді бағыттарына деген көзқарастары қандай?



Әдебиеттер:

1. Julie Rivkin, Michael Ryan. Literary Theory: An Anthology. Third Edition. – John Wiley & Sons, 2017. – 1640 p.